



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№47/177
22 қараша



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru



ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ МЕМЛЕКЕТТІК КЕҢЕСШІ – ПАРЛАМЕНТТІК РЕФОРМА ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ ЕРЛАН ҚАРИНДІ ҚАБЫЛДАДЫ

Президентке Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобы қызметінің аралық нәтижелері туралы баяндалды.

Ерлан Қариннің айтуынша, е-Отinish мемлекеттік платформасы мен Egov сервисінде «Парламенттік реформа» арнайы бөлімі іске қосылғалы бері бір айдың ішінде азаматтар мен қоғам белсенділері тарапынан осы мәселеге қатысты

300-ге жуық ұсыныс келіп түсті.

Бұдан бөлек, 6 саяси партия, атап айтқанда, «Amanat», «Ауыл», «Ақ жол», «Respublica», Қазақстан Халық партиясы және Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы өз ұсыныстарын жолдады. Онда бір палаталы парламенттің қызметі мен парламенттік партиялардың өкілеттігіне қатысты тетіктер қамтылған.

Сонымен қатар Парламенттік ре-

форма жөніндегі жұмыс тобының мүшелері сарапшылық материалдар әзірледі.

Қазір барлық ұсынысты талдау және жүйелеу ісі қолға алынды. Жұмыс тобының екінші отырысын биыл 2 желтоқсанда өткізу жоспарланған. Жиында ұсыныстар жеке-леген бағыттар бойынша жан-жақты қарастырылады.

Мемлекет басшысы елдегі саяси

жаңғырудың жаңа кезеңі болатын алдағы парламенттік реформаның мән-маңызына тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев келіп түскен барлық бастаманы жан-жақты қарап, олардың негізінде парламенттік жүйені жаңғырту бойынша нақты ұсынымдар әзірлеуді тапсырды.

akorda.kz

ГЛАВА ГОСУДАРСТВА ПРИНЯЛ ГОСУДАРСТВЕННОГО СОВЕТНИКА – РУКОВОДИТЕЛЯ РАБОЧЕЙ ГРУППЫ ПО ПАРЛАМЕНТСКОЙ РЕФОРМЕ

Президент Касым-Жомарт Тоқаев был проинформирован о промежуточных результатах деятельности Рабочей группы по Парламентской реформе.

Как сообщил Государственный советник Ерлан Карин, со дня запуска специального раздела «Парламентская реформа» на государственной платформе е-Отinish и сервисе Egov в течение месяца получено около 300 предложений от граждан и

общественных деятелей по данному вопросу.

Наряду с этим, свои предложения направили 6 политических партий: «Amanat», «Ауыл», «Ақжол», «Respublica», Народная партия Казахстана и Общенациональная социал-демократическая партия. В них обозначены возможные механизмы функционирования однопалатного парламента и полномочий парламентских партий.

Также свои экспертные рекомендации внесли члены Рабочей группы по Парламентской реформе.

В настоящее время ведется анализ и обобщение поступивших предложений. На 2 декабря 2025 года запланировано проведение второго заседания Рабочей группы, на котором будут детально рассмотрены предложения по отдельным направлениям.

Глава государства еще раз подчеркнул важность и значимость

предстоящей парламентской реформы, которая станет новым этапом политических преобразований в стране.

Касым-Жомарт Тоқаев поручил всесторонне рассмотреть все поступившие инициативы и на их основе выработать конкретные рекомендации по модернизации парламентской системы.

akorda.kz

Хабарландыру

Объявление

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА! ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСУІН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

Құрметті Приозерск қаласының тұрғындары!

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығын орындау үшін барлық деңгейдегі әкімдер жыл бойы халықпен кездесулер өткізіп, оның барысында халықты толғандыратын әлеуметтік мәселелерге назар аудара отырып, Қазақстанды жаңғыртудың жаңа бағытының негізгі бағыттары туралы хабардар етіп, проблемалық мәселелерді шешу жолдары мен мерзімдерін түсіндіреді.

2025 жылғы 5 желтоқсанда сағат 16.00-де Приозерск қаласы әкімі М.Т. Ахметовтың тұрғындармен кездесуі өтеді.

Кездесу барысында тұрғындар мен жергілікті атқарушы биліктің арасында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында халықпен кері байланыс барынша орнатылады.

Қала әкімі жергілікті атқарушы органдардың, прокуратура және ішкі істер органдарының басшылық құрамымен, мәслихат депутаттарымен, Қоғамдық кеңес мүшелерімен, жергілікті зиялылармен бірлесіп, азаматтарды жеке қабылдау өткізеді.

Азаматтарды толғандыратын проблемалық мәселелерді және ұсыныстар мен ескертулерді жинақтау үшін арнайы орындарда жәшіктер қойылады.

Айтылған ескертулер мен ұсыныстар әкімдердің жұмысына баға беруде ғана емес, сонымен бірге жасалатын нақты жоспарлар мен шараларда көрсетілетін болады.

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ! О ПРОВЕДЕНИИ ВСТРЕЧИ АКИМА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК С НАСЕЛЕНИЕМ

Уважаемые жители города Приозерск!

Во исполнение Указа Президента Республики Казахстан от 3 марта 2022 г. № 826 акимы всех уровней проводят течение года встречи с населением, в ходе которых информируют об основных направлениях нового курса модернизации Казахстана с акцентом на социальные вопросы, волнующие население, и разъясняют пути и сроки решения проблемных вопросов.

5 декабря 2025 года в 16.00 часов пройдет встреча акима города Приозерск Ахметова М.Т. с населением.

В ходе встречи между жителями и местной исполнительной властью в рамках реализации концепции «Слышащего государства» максимально будет установлена обратная связь с населением.

Аким города совместно с руководящим составом местных исполнительных органов, органов прокуратуры и внутренних дел, депутатами маслихатов, членами Общественного совета, местной интеллигенцией проводит личный прием граждан.

Для сбора проблемных вопросов, волнующих граждан в специально отведенных местах будут установлены ящики для предложений и замечаний.

Все замечания, пожелания будут учтены не только при оценке их работы, но и найдут отражения в конкретных планах и мероприятиях.

Қала әкімдігі

Акима́т города

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ!

2025 жылғы 5 желтоқсанда сағат 16.00-де «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығында қала әкімі М.Т. Ахметовтың қала тұрғындарымен кездесуі өтеді.

Ұсыныстар мен ескертулерге арналған жәшіктер келесі мекенжайлар бойынша орнатылады:

№	Жәшіктер орны	Мекен-жай
1	Приозерск қаласының әкімі аппараты	Пушкин к., 7
2	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Қарағанды облысы бойынша филиалы Приозерск қалалық бөлімінің ғимараты	Космонавтар к., 1
3	Қалалық пошта ғимараты	Пушкин к., 9/2
4	Жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің ғимараты	Балқаш к., 5
5	Қалалық орталық аурухана ғимараты (емхана, тіркеу орны)	Транспорт к., 17

Сонымен қатар, өтініштеріңізді жұмыс күндері сағат 09:00-ден 18:30-ға дейін (түскі үзіліс 13:00-ден 14:30-ға дейін) (8-71039) 53006 телефоны бойынша қалдыруға немесе prio_akimat@akimat09.kz поштасына жіберуге болады.

Өтініштер 2025 жылдың 4 желтоқсаны сағат 18.30-ға дейін қабылданады.

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК!

5 декабря 2025 года в 16.00ч. в ЦДЮТ «Достық» пройдет встреча акима г. Приозерск М. Т. Ахметова с населением. Ящики для предложений и замечаний будут расположены по следующим адресам:

№	Местоположение ящиков	Адрес
1	Здание аппарата акима города Приозерск	ул. Пушкина, 7
2	Здание отдела г. Приозерск по обслуживанию населения - филиала НАО «государственная корпорация» «Правительство для граждан» по Карагандинской области	ул. Космонавтов, 1
3	Здание городской почты	ул. Пушкина, 9/2
4	Здание отдела земельных отношений, архитектуры и градостроительства	ул. Балхаш, 5
5	Здание городской центральной больницы (поликлиника, регистратура)	ул. Транспортная, 17

Также, оставить свои обращения можно по телефону (8-71039) 53006 в будние дни с 09:00 до 18:30 (с перерывом на обед с 13:00 до 14:30), или отправить на почту prio_akimat@akimat09.kz

Обращения принимаются до 18.30 часов 4 декабря 2025 года.

КАРАҒАНДЫЛЫҚ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР «БАЛҚАШ» ШИПАЖАЙЫНА ТЕГІН САУЫҚТЫРУ ДЕМАЛЫСЫНА ЖІБЕРІЛДІ



Қарағанды облысынан 50 зейнеткер мен еңбек ардагері бүгін Приозерск қаласындағы «Балқаш» шипажайына емдік-сауықтыру демалысына жолға шықты.

Олардың қатарында бұрын медицина саласында, шахтада, білім беру, құрылыс, өндіріс және басқа да салаларда көп жыл еңбек еткен азаматтар бар. Көпшілігінің жасы жетпістен асқан, сондықтан бұл сапар олар үшін үлкен қуаныш әрі күтпеген тарту болды.

Облыс әкімінің орынбасары Ораз Тәуірбековтың айтуынша, әлеуметтік қызметтер пакеті шеңберінде мемлекеттік қолдау алмаған зейнеткерлер үшін тегін демалыс пен ем алу мүмкіндігі үшінші жыл қатарынан ұсынылып келеді.



— Бұл — Қарағанды облысы әкімінің бастамасы. Жоба әлеуметтік әріптестердің белсенді қолдауының арқасында жүзеге асырылуда. Олар сапарды ұйымдастырып, тұру мен оңалту шараларының ақысын толық өтеді. Соның нәтижесінде бағдарлама алдағы уақытта да жалғасады, — деп атап өтті Ораз Тәуірбеков.

«Балқаш» емдік-сауықтыру кешені Приозерск қаласында, Балқаш көлінің жағасында орналасқан. Мұнда тынығуға да, денсаулықты қалпына келтіруге де барлық жағдай

жасалған.

Зейнеткерлер 10 күн бойы оңалту мен емдеу шараларынан өтеді, ал шипажай мамандары әр қатысушыға жеке бағдарлама әзірлейді.

Серік Темірбеков «Топар» шахтасында 30 жыл бойы электровоз машинисі болып еңбек еткен. Қазір Абай қаласында тұрады.

— Мен мұнда алғаш рет бара жатырмын. Мемлекет тарапынан көрсетілген қамқорлық пен емделуге берілген мүмкіндік үшін қуаныштымын, — дейді ол.

Сарандық Наталья Антонова медицина саласында шамамен жарты ғасыр жұмыс істеген. Қазір зейнетте, алдағы демалысқа ерекше риза.

— Мұндай ұсыныс болады деп күтпеген едім. Шипажайға жақсы

көңіл күймен және тамаша адамдармен бара жатырмыз. Сараннан бесеуіміз. Зейнеткерлерге қолдау көрсетіп, осы сапарды ұйымдастырғандары үшін алғыс білдіреміз, — дейді Наталья Антонова.

Еңбек ардагерлері шипажайға жайлы автобуспен аттанды. Оларды жол бойы медицина қызметкерлері мен полиция өкілдері бірге алып жүреді.

**Қарағанды облысы әкімдігінің
баспасөз орталығы**



ГАЗДЫ ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАНУ – ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ӨМІРІН ҚОРҒАУДЫҢ БАСТЫ ШАРТЫ



Приозерск қаласы бойынша табиғи газ желілері тартылмаған және көпқабатты тұрғын үйлерде газ реттегіш қондырғылар (ГРУ) орнатылмаған. Соған қарамастан, кейбір тұрғындардың тұрмыста газ баллондарын пайдалану жағдайлары анықталып отыр. Бұл – адам өмірі мен мүлікке тікелей қауіп төндіретін әрекет.

Жыл басынан бері жергілікті атқарушы органның қызметкерлері көпқабатты тұрғын үйлердің тұрғындарына газ қауіпсіздігі ережелерін түсіндіру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізіп келеді. Түсіндіру барысында «Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес екі қабаттан жоғары ғимараттарда газ баллондарын пайдалануға қатаң түрде жол берілмейтіні ескертілуде.

Азаматтарға тұрмыста газды пайдалану қауіпсіздігі бойынша кеңестер беріліп, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы да газ қауіпсіздігіне қатысты ескертулер жариялануда. Бұл тұрғындардың қауіпсіздік мәдениетін арттыру-

ға бағытталған кешенді шаралардың бір бөлігі.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 306-бабына сәйкес газды пайдалану және газбен жабдықтау жүйелерін қауіпсіз пайдалану талаптарын бұзған тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Бұдан бөлек, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жоспарлы түрде рейдтік шаралар ұйымдастырылып, ескерту жұмыстары күшейтілді.

Алдағы уақытта Приозерск қаласының Төтенше жағдайлар бөлімімен бірлесіп газ баллондарын заңсыз пайдалануды болдырмау, тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жалғастыру және өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын қамтамасыз ету бағытында жүйелі бақылау жүргізілетін болады.

**Құрметпен,
«Приозерск қаласының тұрғын үй
қатынастары және тұрғын үй
инспекциясы бөлімі»**

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Приозерск қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 18-бабы 4-тармағына сәйкес коммуналдық меншіктегі мүлікті жекешелендіру мәселесін қарау жөнінде жария тыңдалым өткізетінін хабарлайды.

Жария тыңдауда Приозерск қала әкімінің 2025 жылғы 13 қарашадағы № 59/206 «Коммуналдық меншіктегі мүлікті жекешелендіру туралы» шешімі қаралады.

Жария тыңдау 2025 жылғы 22 желтоқсанда сағат 11:00-де Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Балқаш көшесі, 5, «Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ ғимараты, Приозерск қалалық мәслихатының акт залында, 2 қабатта өтеді, онлайн трансляциясы қамтамасыз етіледі.

Байланыс телефондары:
«Приозерск қалалық мәслихатының аппараты» ММ, тел.: 5-33-16.
«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» ММ, 5-29-03.

«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер әне сатып алу бөлімі» ММ.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

В соответствии с пунктом 4 статьи 18 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе» Государственное учреждение «Аппарат Приозерского городского маслихата» сообщает о проведении публичных слушаний по рассмотрению вопроса приватизации имущества, находящегося в коммунальной собственности.

На публичных слушаниях будет рассмотрено решение акима города Приозерска от 13 ноября, 2025 года за № 59/206 «О приватизации коммунального имущества».

Публичное слушание состоится 22 декабря 2025 года, в 11:00 часов по адресу: Карагандинская область, г.Приозерск, ул. Балхашская 5, в здании ГУ «Отдел земельных отношений архитектуры и градостроительства города Приозерск», актовй зал маслихата города Приозерск, 2 этаж, с обеспечением онлайн-трансляции.

Контактные телефоны:
ГУ «Аппарат Приозерского городского маслихата», тел.: 5-33-16 .
ГУ «Отдел государственных активов и закупок города Приозерск», тел.: 5-29-03 .

ГУ «Отдел государственных активов и закупок города Приозерск»

Көңіл айту

Приозерск қалалық мәслихатының депутаттары белгілі қаламгер, Қазақстан Республикасы журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Приозерск қаласы әкімінің әлеуметтік және мүгедектік мәселелері бойынша штаттан тыс кеңесшісі, Қоржынтүбек жаршысы» газетінің арнаулы тілшісі, қаламыздың қоғамдық өміріне үлкен үлес қосқан ардақты азамат Қарабеков Нұрғали Қыдырмұратұлының дүниеден өтуіне байланысты жақындары мен туған туыстарына орны толмас ауыр қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз.

Нұрғали Қыдырмұратұлы ұзақ жылдар бойы Приозерск қаласы әкімінің көмекшісі және өзін-өзі басқару аумақтық кеңесінің мүшесі ретін-деқоғамымыздың дамуына еңбегін сіңіріп, туған өлкесінің өркендеуіне аянбай қызмет етті. Оның қаламынан туған шығармалары мен азаматтық ұстанымы көпшілікке үлгі болып, ел жадында мәңгі сақталады.

*А.Исатаев, Д.Дүйсембаев, Т.Қарабалаев, М.Абдимуталипов,
Р.Ғалымжанов, Б.Сатыбалдин, Р.Койшин, Қ.Айтбаев, М.Акимова,
Е.Абдурахманов, Бердімұратов Ә.А.*

ТҰРҒЫН ҮЙ КЕЗЕГІН «ОТБАСЫ БАНК» АРҚЫЛЫ АЛУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2024 жылғы 2 қарашада Қазақстан Республикасында «Тұрғын үй саясатын реформалау туралы» Заң қабылданып, азаматтардың тұрғын үй жағдайларын жақсартуда мемлекеттік қолдаудың тиімділігін арттыруға бағытталған жаңа тәсілдер енгізілді.

Уәкілетті органдардың шешімі бойынша, 2025 жылғы 24 мамырдан бастап тұрғын үймен қамтамасыз етуге қатысты барлық функциялар «Отбасы банк» АҚ-ның қарамағына берілді.

Енді тұрғындар «Өркен отбасы» арқылы «Отбасы банк» кезегіне тұра алады. Бұл жүйе азаматтарға тұрғын үй кезегін онлайн рәсімдеуді, кезек туралы ақпаратты тексеруді және мемлекеттік қолдау бағдарламалары бойынша өтініш беруді жеңілдетеді.

Барлық тұрғындарға жүйені пайдалану нұсқаулары мен консультациялар «Отбасы банк» қызмет көрсету орталықтарында қолжетімді.

Кезекке тұру үшін мына сайтты пайдалануға болады: <https://orken.otbasybank.kz/>

Құрметпен, Приозерск қаласының тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі



Көңіл айту

Қарабектегі Нұрғали Қыдырмұратұлы 2025 жылғы 18 қарашада өмірден озды.

Өзбекстан Республикасы Тамды ауылының тумасы, журналистика мен ақындық өнерді 35 жылдан астам қатар алып жүрген қаламгер – «Көңіл күнделігі», «Туған жерім – тұғырым», «Қоржынтүбек – құт мекен» кітаптарының авторы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Приозерский вестник» және «Қоржынтүбек жаршысы» газеттерінің тілшісі, сондай-ақ Приозерск қаласы әкімінің әлеуметтік және мүгедектік мәселелері бойынша кеңесшісі Нұрғали Қыдырмұратұлы – қаламыздың рухани дамуына елеулі үлес қосқан талантты ақын, жазушы, парасатты азамат еді.

Марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғыра көңіл айтамыз.

*Приозерск қаласының әкімі
Ахметов Мансұр Талғатұлы*

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru Таралымы: 500 дана Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35 QORJYNTUBEK JARŞYSY		
Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.» Бас редактор: Исатай М.А. Техникалық редактор: Исатай М.А. Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5. Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды. Тапсырыс №47/177, Таралымы:500 дана, пішімі: А3	Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35 Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35 Электрондық почта: priogazeta@mail.ru Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.	Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады. Балаларға тыйым салынған.